

# Паспорт образовательной программы

**Дата регистрации в Реестре**

2022.06.27 14:53

**Регистрационный номер**

15306

**Дата обновления паспорта ОП:**

2022.06.27 14:53

**Код и наименование специальности:**

04210100 Құқықтану

**Код и наименование квалификации/квалификаций:**

4S04210101 Заңгер

**Регион:**

Алматы облысы

**Организация ТипПО (Разработчик):**

" Талдықорған заң колледжі" мекемесі

**Партнеры-разработчики:**

Ярмухамедова Светлана Бекжановна, бас маман, "Мемсараптама" РМК Алматы облысы бойынша филиалы

**Цель ОП:**

Құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасы жоғары, құқықтық нормаларды әзірлеу мен жүзеге асыруда, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, азаматтық-құқықтық шарттарды, еңбек және ұжымдық шарттарды, процессуалдық құжаттарды әзірлеуде іргелі білімі мен кәсіби құзыреттілігі жоғары, әкімшілік құқық бұзушылықтың біліктілігі жоғары мамандарды даярлау және қылмыстық құқық бұзушылықтар, сотта өкілдік ету, нотариаттық іс-әрекеттер.

**Уровень по НРК:**

4

**Уровень по ОРК:**

4

**Профессиональный стандарт (при наличии):**

жоқ

**Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):**

жоқ

**Форма обучения:**

күндізгі

**База образования:**

негізгі орта білім

**Язык обучения:**

мемлекеттік

**Общий объем кредитов:**

4320

**Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:**

04.04.2022 г.

**Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

KZ30LAA000170246, 23.09.2019 г.

**Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:**

002, 30.04.2021 г.

**Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):**

-

**Отличительные особенности ОП:**

-

**Сведения о содержании модулей/дисциплин:**

№ модуля/дисциплины	Наименование	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	ЖБП 1. Орыс тілі және орыс әдебиеті	Орыс тілі мен әдебиеті кіріктіріп оқыту негізінде тіл байлығын жетілдіруге, тіл нормаларын сақтауға, еркін сөйлеу мен сауатты жазу дағдыларын дамытуға, мемлекеттік тілге деген құрметті көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: "Туризм. Экотуризм", "Человек и Родина", "Наука и этика ", "Планета. Земля. Океаны", "Литература и искусство ", "Тема социального неравенства в СМИ и литературе", "Торговля и помощь. Справедливая торговля ", "Значение труда в жизни человека и общества ", "Показатель развития общества: экология, биоресурсы ", "Свободное время как показатель развития общества", "Человек и история", "Энергия будущего.	120/5

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	Энергия слова ", ". Мир и безопасность ", "Театр и кино в современном мире", "Высшая ценность – права человека", "Современное общество: миграция".	
ЖБП 2. Қазақ тілі	<p>Әртүрлі деңгейдегі құралдарды қолдану нормаларын ескере отырып, тілдік қалыптасқан білімдер негізінде сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінде (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) функционалдық сауаттылығын арттырады және қарым-қатынастың әртүрлі салаларында өнімді сөйлеу әрекетінде белсендіреді. . Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:</p> <p>"Орфография. Тіл және алаш идеясы", "Орфография. Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет", "Фонетика: Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өнер", "Әдеби норма. Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі", "Сөз мәдениеті. Білім. Ғылым. Инновация", "Сөзжасам. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік", "Синтаксис. Сәулет өнері ", "Пунктуация. Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер", "Пунктуация. Сөз мәдениеті және шешендік өнер", "Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер. Орфография. Ғылыми стиль", "Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер. Орфография. Публицистикалық стиль", "Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер. Фонетика. Ресми іс</p>	96/4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>қағаздар стилі", "Әлемді өзгерткен өнертабыстары. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Публицистикалық стиль", "Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер. Сөз мәдениеті. Көркем әдебиет стилі", "Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер. Мәтін", "Табиғат және экология. Шешендік сөздер. Мәтін ", "Жаңа әлемдегі театр мен кинематография. Шешендік сөздер. Пунктуация", "Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер. Пунктуация. Сөйлеу мәнерлілігі".</p>	
ЖБП 3. Қазақ әдебиеті	<p>Студенттің дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді, әртүрлі салалардағы: әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-құқықтық, ғылыми-техникалық, білім беру және кәсіптік ақпараттарды пайдалануға мүмкіндік береді, әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлауға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: "Қалың елім, қазағым", "Прозадағы көркем ой", "Аңызбен өрілген көркем сөз", "Заман, дәуір тұлғасы", "Тарихтың шертіп пернесін", "Пайым мен парасат", "Ғасырлық туынды", "Әдебиеттегі сан сарын".</p>	96/4
ЖБП 4. Шетел тілі	<p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің күнделікті, мәдени, кәсіптік және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік және коммуникативтік мәселелерді шешуге қажетті және жеткілікті деңгейін коммуникативті</p>	96/4

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>құзыреттіліктерді меңгеруге ықпал етеді. . Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Аңыз немесе ақиқат», «Табиғи апаттар», «Виртуалды шындық», «Органикалық және органикалық емес әлемдер», «Ләззат алу үшін оқу», «Адам миының мүмкіндіктері», « Серпінді технологиялар», Space X, Биологиядағы байланыстар, Жануарлар әлемі туралы зерттеу және есеп беру, жарғанаттар, бүркіттер, аралар мен дельфиндер, Адам миы, Хронометраж құрылғыларын зерттеу және есеп беру/Ғылым бейне, Жұмыс және өнертабыстар, STEM</p>	
ЖБП 5. Қазақстан тарихы	<p>Қазақстанның әртүрлі тарихи кезеңдердегі этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін студенттердің түсінуіне ықпал етеді, оның әлемдік тарихи үдерістегі орны мен рөлін анықтайды; тарихи сана-сезімі, азаматтық, патриоттық сезімі бар жеке тұлғаны қалыптастырады. Пән мемлекет тарихынан, соғыстар мен революциялардан, мәдениеттің, өркениеттің дамуынан, экономикалық даму ерекшеліктерінен бастап даму ерекшеліктерін, этникалық және әлеуметтік процестерді зерттейді.</p>	96/4
ЖБП 6. Самопознание	<p>Жеке тұлғаның адамгершілік негіздерін қалыптастыруға, оның рухани жетілуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына, үйлесімді дамуына ықпал етеді, өзін және басқа адамдарды қабылдауға және түсінуге ықпал етеді, ашықтықты,</p>	48/2

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	әлеуметтік жауапкершілікті, шығармашылық белсенділікті және жағымды қабылдауды дамытуды ынталандырады.	
ЖБП 7. Математика	Тәжірибеде қолдануға, сабақтас пәндерді оқуға қажетті математикалық білімді қалыптастырады. Функцияны, оның қасиеттерін және графигін, тригонометриялық функцияларды, көпмүшелерді, математикалық статистиканы және ықтималдықтар теориясын, дәрежелер мен түбірлерді, дәреже функциясын, көрсеткіштік және логарифмдік функцияларды, функция шегі мен үзіліссіздігін, туынды және оның қолданылуын, қарсы туынды және интегралды, комплекс сандарды, дифференциалдық теңдеулер, стереометрия аксиомалары. Параллелизм және перпендикулярлық.	96/4
ЖБП 8. Информатика	Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, мәліметтерді көрсету, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, компьютерлік желілер және ақпаратты қорғау саласындағы білім, білік және дағдыларды қалыптастырады. Аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, мәліметтерді көрсету, ақпараттық процестер мен жүйелер, ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру, қолданбалы бағдарламаларды әзірлеу, компьютерлік желілер және ақпаратты қорғау зерттеледі.	72/3
ЖБП 9. Дене тәрбиесі	Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді,	120/5

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, спортқа тән қозғалыс дағдыларын меңгеруге және дене қабілеттерін дамытуға ынтасын арттыруға ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Дене шынықтыру туралы білім», «Жеңіл атлетика», «Спорттық ойындар», «Гимнастика», «Ұлттық спорт түрлері», «Қысқы спорт түрлері».	
ЖБП 10. Алғашқы әскери және техникалық дайындық	Мемлекет қорғанысының негіздері, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тағайындалуы, олардың табиғаты мен ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастырады, әскери қызметке саналы көзқарасты тәрбиелейді, төтенше жағдайларда адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі тарауларды қамтиды: «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі», «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құқықтық негіздері», «ҚР Қарулы Күштерінің жалпыға бірдей әскери жарғылары. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары», «Тактикалық дайындық», «Атыс даярлығы», «Жауынгерлік даярлық», «Әскери топография», «Әскери робототехника негіздері», «Тіршілік қауіпсіздігі мен ақпараттандыру негіздері»	96/4
ЖБП 11. Дүние жүзілік	Әртүрлі тарихи кезеңдердегі дүние	144/6

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
тарихы	жүзі тарихының этникалық, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының негізгі мәселелерін түсіну арқылы тұлғаның тарихи санасын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Өркениет: даму ерекшеліктері», «Этникалық және әлеуметтік процестер», «Мемлекет тарихынан, соғыстар мен революциялардан», «Мәдениеттің дамуы», «Өркениеттер: даму ерекшеліктері», «Саяси-құқықтық процестер», «Қоғамдық-саяси ойдың дамуы», «Білім берудің және ғылымдық дамыту», "Ғылыми техникалық процесс".	
ЖБП 12. География	Географиялық кеңістіктің барлық деңгейінде туындайтын геоэкологиялық, геоэкономикалық, әлеуметтік, геосаяси және жаһандық мәселелерді шешуге бағытталған білім, білік және дағдыларды қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Географиялық зерттеу әдістері», "Картография және геоинформатика", "Табиғатты пайдалану және геоэкология", "Геоэкономика", "Геосаясат", "Елтану", "Адамзаттың жаһандық проблемалары".	144/6
ЖБП 13. Физика	Ғылыми дүниетанымның негіздерін қалыптастыруға, дүниенің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауға, табиғат құбылыстарын бақылау, талдау және бекіту қабілетін қалыптастыруға, іргелі физикалық заңдар мен принциптер туралы білімнің дамуына ықпал етеді.	72/3



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	<p>Дүниенің қазіргі физикалық суреті, табиғатты ғылыми танудың әдістері. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Механика», «Жылу физикасы», «Электр және магнетизм», «Электромагниттік тербелістер», «Электромагниттік толқындар», "Оптика", "Салыстырмалы теориясының элементтері", "Нанотехнологиялар және наноматериалдар", "Ғарышнама".</p>	
ЖБП 14. Химия	<p>Заттар және олардың түрленуі, заттардың қасиеттерінің олардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін, химиялық процестерді, заңдарды және олардың заңдылықтарын түсінуді қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды: «Заттың бөлшектері», «Периодтылық. Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары», «Химиялық реакциялардың энергиясы», «Химия және өмір», «Бізді қоршаған химия».</p>	72/3
ЭЭП 01. Мәдениеттану	<p>Мәдениет құбылыстарын, олардың адам өміріндегі рөлін түсіндіре білу, мәдениеттің нысандары мен түрлерін ажырата білу, әлемдік және отандық мәдениеттің тарихын білу қабілетін қалыптастырады, ұлттық және дүниежүзілік мәдени мұраның сақталуы мен жетілдіруіне қамқорлық жасайды. Пәннің негізгі рөлі мен маңызы студенттердің барлық шығармашылық қабілеттерін дамытуда, өзектендіруде, олардың</p>	36/1,5

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	интеллектуалдық, кәсіби, адамгершілік және эстетикалық қасиеттерін үйлесімді дамытуда. Бұл мәселені шешуде гуманиарлық пәндерді оқып білу маңызды рөл атқарады.	
ӘЭП 02. Философия негіздері	Философиялық дамудың тұжырымдамалары мен заңдылықтарының қалыптасуына ықпал етеді; философиялық білімнің дамуының маңызды кезеңдерімен, оның мектептерімен, бағыттарымен, тұжырымдамаларымен және қайнар көздерімен таныстыру. Діни және ғылыми білімнің, философия мен дүниетану антропологиясының байланысын анықтау, ғылым мен техниканың өркениет дамуындағы рөлін және онымен байланысты әлеуметтік этникалық мәселелерді түсіну: адамның қазіргі қоғамда өмір сүруіне қажетті философиялық мәселелердің жалпы бағыты мен шешімі; адамдағы рухани, биологиялық және әлеуметтік қатынастардың мәнін білу; - табиғат пен адам туралы философиялық көзқарасты талдау; философиялық жоғары адамгершілік қасиеттерді, белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру және патриотизм; этникалық және тұлғааралық қатынастарда толеранттылықты сақтау;- философиялық құндылықтардың, адам құқықтары мен бостандықтарының маңыздылығын бағалай білу.	36/1,5
ӘЭП 03. Саясаттану және әлеуметтану негіздері	Болашақ мамандардың бойында саяси сананы қалыптастырады	36/1,5

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және осының негізінде олардың қабілеттерін дамытады: қазіргі қоғамдық-саяси проблемаларды терең түсіну, олардың туындау көздерін және оларды шешудің мүмкін жолдарын білу, саяси ойлауды қалыптастыруда дұрыс бағдарлау, жоғары саяси мәдениет, саяси ой-өрістерін кеңейту, жүйе ретінде қоғам туралы білім алу.	
ӘЭП 04. Экономика негіздері	Экономикалық теория негіздері, микроэкономика және макроэкономика саласында жан-жақты білім алу. Экономикалық теория саласындағы негізгі сұрақтарды меңгеру, кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерге баға беру, әлемдік шаруашылықтағы өзгерістерді сипаттау.	36/1,5
ӘЭП 05. Қисын	Қисын пәнінің ұғымын мен әдістерін қалыптастырады. Қисынның даму тарихы. Заңгерлер үшін логиканың құндылығы. Қисынның негізгі категориялары: ұғым, пайымдаулар, қорытынды. Ұғымның мәні және түрлері. Ұғымдармен негізгі амалдар. Ұғымдарды бөлу, жалпылау, шектеу. Ұғымдар туралы түсінік. Ұғымдардың негізгі түрлері. Қорытындылар және олардың түрлері. Қисынның негізгі заңдары. Гипотеза. Шегерім. Индукция.	36/1,5
ЖГП 01. Кәсіби орыс тілі	Бәсекеге қабілетті кадрларды қалыптастырады – екінші тілді меңгерудің тиімді процесін қамтамасыз ету. Пән кәсіби бағыттылықты ескере отырып, тілдік материалды іріктеу мен орналастырудың кешенді тәсіліне негізделген. Пәннің міндеттері: тіл	72/3

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	және сөйлеу дағдыларын жүйелеу, тілдік материалды дәлелді пайдалану, сөйлеу дағдылары мен дағдыларын (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) түзету, дамыту және жетілдіру.	
ЖГП 02. Кәсіби шетел тілі	Оқушылардың жалпы мәдени дүниетанымын кеңейту, олардың шет тілі саласындағы эрудициясын қазіргі әлемде ынтымақтастық пен өзара әрекеттесу құралы ретінде; кәсіби қарым-қатынаста шет тілін белсенді қолдану үшін оқушылардың тілдік қабілеттерін дамыту.	72/3
ЖГП 03. Дене тәрбиесі	Жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлғаны қалыптастыруға, оқушылардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, спортқа тән қозғалыс дағдыларын меңгеруге және дене қабілеттерін дамытуға ынтымақтасуға артықшылық беруге ықпал етеді.	180/7,5
ЖКП 01. ҚР-сы мемлекеті мен құқығының тарихы	Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихын зерттеу, пәннің басқа пәндермен байланысын, мемлекет және құқықты зерттейтін ғылымдар жүйесіндегі «Мемлекет және құқық тарихының» (МҚТ) алатын орнын, заманауи маманды қалыптастырудағы мемлекет және құқық тарихының маңызы.	36/1,5
ЖКП 02. Мемлекет және құқық теориясының негіздері	Болашақ мамандар арасында мемлекет және құқық теориясының негіздері терминдеріне жалпы сипаттама қалыптастырады; құқық және мемлекет туралы іргелі білім, кәсіби ойлау, кәсіби құқықтық	72/3

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	мәдениет, нормативтік құқықтық актілерді дұрыс түсіндіру, нақтылау және қолдана білу, қазіргі қоғамда болып жатқан саяси-құқықтық процестерді өз бетінше талдай білу.	
ЖКП 03. Конституциялық құқық	Конституциялық құқық субъектілерінің құқықтық жағдайын, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының негіздерін, адам мен азаматтың конституциялық-құқықтық мәртебесін, жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқарудың құқықтық негіздерін анықтау.	60/2,5
ЖКП 04. Әкімшілік құқық	Әкімшілік құқықты құқық саласы ретінде, әкімшілік құқықтың субъектілері мен объектілерін, әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауапкершілікті зерттеу. Әкімшілік жаза түрлерін, әкімшілік құқық бұзушылықты, әкімшілік жауапкершілікті анықтау. Нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру.	72/3
ЖКП 05. Құқық қорғау органдары	Құқық қорғау қызметіне анықтама беру. Әділдік принциптерін талдау. Қазақстан Республикасының сот билігі және сот жүйесі. Соттардың өкілеттіктері. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі. Прокуратура және прокурорлық қадағалау. Анықтау және алдын ала тергеу органдары, олардың өкілеттіктері. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрылымы мен құзыреті. Салық комитетінің қызметі. Заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру. Адвокаттық қызметтің негізгі бағыттары. Нотариаттық іс-әрекет. Нормативтік құқықтық актілермен	60/2,5

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жұмыс істеу дағдысының болуы.	
ЖКП 06. Экологиялық құқық	Экологиялық құқықтың субъектілерін, табиғатты қорғау құқығының нормаларын, экологиялық құқықтық қатынастарды, мемлекеттің экологиялық функцияларын бөлу. Табиғат объектілеріне сипаттама беру: жер, жер қойнауы, су, орман, жануарлар дүниесі, атмосфералық ауа. Экологиялық сараптама және аудит. Қоғам мен мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы. Экологиялық мониторинг және кадастр. Табиғи ортаны қорғау заңнаманы бұзғаны үшін заңды жауапкершілік. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдар.	36/1,5
ЖКП 07. Заң қызметін ұйымдастыру	Заң қызметінің субъектілерін, заң қызметінің қайнар көздерін анықтау. Қазақстан Республикасындағы заңгерлік қызметтің ерекшеліктері. Кәсіпкерлік субъектілерінің мүліктік және басқа да заңды құқықтары мен мүдделерін қорғаудың құқықтық жолдары. Ұйымдардың заң қызметінің шарттық-талаптық жұмысы.	48/2
ЖКП 08. Қаржы құқығының негіздері	Қаржы құқығының пәні мен жүйесін оқу; қаржылық құқықтық қатынастар, олардың субъектілері; ақша айналысы және валюталық реттеу; бюджет және бюджет жүйесі, бюджеттік құрылғысы және рәсімі. Мемлекеттік кірістер мен мемлекеттік бюджеттің шығыстарының қалыптасу механизмін ашыда.	36/1,5
ЖКП 09. Салық құқығының негіздері	Мемлекеттің салық қызметін, Қазақстан Республикасының салық	48/2

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жүйесін, салық органдарын, олардың жүйесі мен функцияларын зерделеу; салық органдарының мәртебесі және салық төлеушінің мәртебесі; салықты жоспарлау және салықты басқару; салық міндеттемесі және оның мазмұны; салықтық әкімшілендіру және оның түрлері; салық салу саласындағы жауапкершілік; салықтық дауларды шешу тәртібі мен мерзімдері.	
ЖКП 10. Іскерлік қатынастардың этикасы мен психологиясы	Этиканы оқу пәні ретінде, оның пәні мен жүйесін зерттеу; заңгердің құқықтық мәдениеті. Кәсіби этика міндеттерін қалыптастырады; іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктері; іскерлік қарым-қатынас стилі; сөйлеу стереотиптері; Көпшілікке сөйлеу; сөйлеу этикеті; коммуникация құрылымы.	60/2,5
ЖКП 11. Құқықтық ақпаратты автоматты өңдеу	Бағдарламалық-техникалық құралдарды пайдалана отырып, құқықтық құжаттарды құрудың, өңдеудің, ақпаратты берудің тиімді әдістері мен әдістерін қалыптастырады; компьютерлік жүйелер (бұлттық технологиялар), ақпараттық процестер мен жүйелер (ақпараттық технологияларды дамытудың заманауи тенденциялары, Қазақстандағы цифрландыру процесінің заманауи тенденциялары).	72/3
ЖКП 12. Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу	Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу және іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру, іс қағаздарының түрлері және олардың жіктелуі, іс қағаздарының тілі мен стилі, жеке құрам бойынша іс-қағаздар, ақпараттық-	72/3

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	анықтамалық құжаттар, құжаттарды ресімдеу және есепке алу мәселелерін оқып-үйренеді. Қазақ тілінде әр түрдегі іс қағаздарын құрастыру және толтыру, оларды өңдеу және сақтау бойынша білім, әдіс-тәсілдер мен дағдыларды меңгеру.	
АП 01. Азаматтық құқық	Азаматтық құқықты құқық саласы ретінде, азаматтық құқықтың субъектілері мен объектілерін, мәмілелерді, міндеттемелердің жекелеген түрлерін, мүліктік құқықты, зияткерлік меншік құқығын, мұрагерлік құқықты, неке және отбасы, азаматтық хал актілерді тіркеуді зерттейді. Азаматтық-құқықтық шарттар мен мәмілелерді жасау әдістері мен дағдыларына ие.	156/6,5
АП 02. Азаматтық іс жүргізу құқығы	Азаматтық іс жүргізу құқығын құқық саласы ретінде, азаматтық процестің субъектілері мен олардың құқықтық жағдайын, сот ісін жүргізудің түрлері мен олардың ерекшеліктерін, азаматтық процестің кезеңдерін, іс жүргізу құжаттарын зерттейді. Азаматтық іс жүргізу құжаттарын рәсімдеу техникасы мен дағдыларын меңгереді.	72/3
АП 03. Еңбек құқығы және әлеуметтік қорғау құқығы	Еңбек құқығын құқық саласы ретінде, еңбек шартының мазмұны мен жасау тәртібін, ұжымдық шарттар және келісімдер, кәсіподақ, еңбек уақыты және демалу уақытын, еңбекақы, кепілдік және өтемақы төлемдерін, еңбек тәртібі, еңбек және ұжымдық шарттар тараптарының материалдық жауапкершілігін, әлеуметтік қорғау түсінігі және	120/5



Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	түрлерін, жәрдемақы және оның түрлерін зерделейді. Еңбек құжаттарын әзірлейді.	
АП 04. Атқару өндірісі	Атқарушылық іс жүргізу органдарын және атқарушылық іс жүргізуге қатысушыларды, атқару негіздерін, атқарушылық құжаттарды, атқарушылық әрекеттерді жасаудың жалпы шарттарын, ақшалай сомалар мен өзге де мүлікті өндіріп алу тәртібін, сот орындаушылары департаменті жұмысын ұйымдастыруды зерттейді. Атқару құжаттарын дайындау және атқарушылық әрекеттерді орындайды.	48/2
АП 05. Криминалистика негіздері	Криминалистикалық теория мен әдістемені, криминалистикалық сараптаманың жалпы ғылыми және арнайы әдістерін, криминалистикалық идентификацияны, криминалистикалық нұсқалар туралы ілімді, криминалистикалық технология түсінігін, криминалистикалық тактиканың негіздерін, тергеуді ұйымдастыру мен жоспарлауды зерттейді. Криминалистикалық техника мен криминалистикалық тактиканы жетік меңгерген.	72/3
АП 06. Қылмыстық құқық	Қылмыстық құқықтың түсінігін, міндеттері мен жүйесін, қылмыстық құқықтың қайнар көздері мен принциптерін, қылмыстық заңды, оның уақыт пен кеңістіктегі әрекетін, қылмыс пен қылмыс құрамын, қасақана қылмыс жасау түсінігі мен кезеңдерін, қылмысқа бірге қатысуды, қылмысқа қатысу нысандары, қылмыстардың көптігі, жазалардың жүйесі мен түрлері,	132/5,5

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	жаза тағайындау, қылмыстық жауаптылықтан босату, қылмыс түрлерін зерттейді. Қылмыс құрамының белгілерін анықтайды.	
АП 07. Қылмыстық іс жүргізу құқығы	Қылмыстық процестің түсінігін, іс жүргізу әрекеттерінің жүйесін, Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасын, қылмыстық сот ісін жүргізудің тәртібін, қылмыстық процеске қатысушыларды, іс жүргізу мерзімдерін, қылмыстық процестің кезеңдерін, қылмыстық іс жүргізудің кезеңдерін, қылмыстық іс қозғаудың тәртібін, қылмыстық іс жүргізудің заңдылықтарын, сот талқылауы, үкім, үкімге шағымдану және наразылық келтіру тәртібін зерттейді. Қылмыстық іс жүргізу құжаттарын жасайды.	72/3
АП 08. Сотта іс жүргізу	Сотта іс жүргізудің жалпы ережелерін, нұсқауларын, қылмыстық, азаматтық істердің және басқа да материалдардың, сот құжаттарының хаттамаларын тіркеу тәртібін, жұмыс барысын ұйымдастыруды, азаматтарды қабылдау мен тіркеуді, ұсыныстарды, арыздарды қарау тәртібін және азаматтардың шағымдары, үкімдер мен сот қаулыларын орындауға өткізіп беру тәртібін, келіп түскен хат-хабарларды есепке алуды зерделейді. Құжаттарды дайындау мен рәсімдеуді жетік меңгереді.	48/2
АП 09. Банктік құқық	Банктік құқықты құқық саласы ретінде, банк құқығының субъектілері мен объектілерін, банк құқығының қайнар көздерін, банктік құқықтық қатынастардың субъектілерін, Ұлттық банктің	48/2

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/часов
	құқықтық жағдайы мен функцияларын, Қазақстан Республикасындағы коммерциялық банктердің құқықтық жағдайын, мемлекеттің ақша-несие саясатының құқықтық негіздері туралы білім алады.	
АП 10. Нотариат	Нотариаттық іс-әрекетті ұйымдастыруды, нотариустың қызметін реттейтін заңнамалық актілерді, нотариустың құқықтық мәртебесін, нотариаттық палатаны және оның құзыретін, нотариаттық іс жүргізуді, нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың негізгі ережелерін, мәмілелерді куәландыруды, шарттарды куәландыруды, мүлікті иеліктен айыру, өсиеттерді, сенімхаттарды куәландыру, нотариаттық іс-әрекеттерге шағымдану тәртібі, атқарушылық өкімдерді орындауды, шағымдану тәртібін зерттейді Нотариаттық құжаттарды дайындайды.	72/3
АП 11. Кәсіпкерлік құқық	Кәсіпкерлік құқықты құқық саласы ретінде, кәсіпкерлік құқықтың субъектілері мен объектілерін, кәсіпкерлік келісім-шарттарды, олардың жіктелуін, сыртқы экономикалық операцияларды, кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеуді, монополиялық қызметті құқықтық реттеуді, өнімнің, жұмыс пен қызмет көрсетудің сапасын, инвестициялық белсенділікті қолдауды қолдауды, бағалар мен тарифтерді құқықтық реттеуді зерттейді.	60/2,5
БҰ АП 01. Кеден құқығы	Сыртқы экономикалық қызметті кедендік-құқықтық реттеуді, кеден құқығының субъектілерінің	48/2

<b>Наименование</b>		<b>Результаты</b>	<b>Объем</b>
<b>№ модуля/дисциплины</b>	<b>обучения/Краткое описание дисциплины</b>	<b>дисциплины</b>	<b>кредитов/часов</b>
		мәртебесін, кедендік режимдерді және кедендік төлемдерді есептеуді, тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу тәртібінің негізгі ережелерін зерттейді.	
Өндірістік оқыту және кәсіптік тәжірибе	-		540/22,5
Аралық, қорытынды аттестаттау	-		288/12